

**Сырым аудандық мәслихатының 2015 жылғы 5 наурыздағы № 26-4 "Жеке оқыту жоспары бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 15-8 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 22 желтоқсанда № 7298-07 болып тіркелді

Сырым аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сырым аудандық мәслихатының "Жеке оқыту жоспары бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2015 жылғы 5 наурыздағы №26-4 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3845 болып тіркелген ) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында 7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу мөлшері оқу жылы ішінде ай сайын әрбір мүгедектігі бар балаға бес айлық есептік көрсеткішке тең."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сырым аудандық мәслихат төрағасы*

*Ш. Дуйсенғалиева*